

20–24 Шілде, 2020

### KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE қайталама нарық секторында Америка Құрама Штаттарының Қаржы министрлігінің [US912796XF18](#) (US\_01\_2008) халықаралық облигацияларының, "KEGOC" АҚ [KZ2C00006658](#) (KEGCb3) облигацияларымен және "Бенкала" тау-кен компаниясы АҚ [KZ1C00013663](#) (BENK) жай акцияларымен сауда-саттық ашылады.
- ▲ Қазақстан қор биржасында автоматты репо нарығында жаңа қаржы құралының сауда-саттықтары [ашылады](#).
- ▲ "ARLAN WAGONS" ЖШС KZ2P00003635 (ARWAb1) облигациялары айналым мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен [шығарылды](#).


### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында өзінің MEUKAM-144 (KZKD00000261) бірінші шығарылымын жылдық 10,5250% -бен орналастыру арқылы 74,7 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "RG Brands" АҚ KZ2C00003135 (ATFBb15) 789 500 өзінің жай акцияларын 947,4 млн теңгеге сатып [алды](#).
- ▲ KASE Жамбыл облысының әкімдігі өзінің KZMJ00000644 (DZK024\_064) екі жылдық облигацияларын орналастырып, 1,0 млрд теңге қаржы [тартты](#).
- ▲ "БАСТ" АҚ KASE сауда-саттық жүйесінде 25 007 KZ1C00001015 (BAST) жай акциясын 300,1 млн теңге сомасына [орналастырды](#).
- ▲ KASE "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00006476](#) (BASPb7) облигациясын орналастыра отырып, жылдық орташа сараланған кірістілігі 11,1500% бен, және [KZ2C00006484](#) (BASPb8) облигациясын орналастыра отырып, жылдық орташа сараланған кірістілігі 11,0000% бен, 465,2 млрд теңге тартты.
- ▲ Tethys Petroleum Limited компаниясы (Қайман Аралдары) қызметі туралы жаңартылған ақпарат [ұсынды](#).
- ▲ "КазТрансОйл" АҚ 2020 жылдың бірінші тоқсанына қаржы нәтижесі туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Байтерек девелопмент" АҚ жалғыз акционері оған "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" акционерлік қоғамын біріктіру арқылы компанияны қайта құру туралы шешім [қабылдады](#).
- ▲ "RG Brands" АҚ RG Brands жобасынан Resmі инвестициялық компаниясы шыққаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Dosjan temir joly" АҚ KZ2C00000701 (DTJLb1) 2 015 540 облигацияларын жартылай сатып алғаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ **АНОНС:** 30 шілдеде "Кселл" АҚ 2020 жылдың қаңтар-маусым айларындағы қаржылық нәтижелерін жариялау бойынша телеконференция өтеді.
- ▲ "Кселл" АҚ "Қазақстан Халық жинақ банкі" акционерлік қоғамымен қосымша келісім бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендеткені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ акционерлері 2019 жылға KZ000A0LE0S4 (HSBK) жай акциялары бойынша дивиденд төлеуге шешім [қабылдады](#).
- ▲ Nostrum Oil & Gas PLC Компаниясы Nostrum Oil & Gas Finance B.V. облигацияларына қатысты пайыздық төлемдер бойынша кейінге қалдыру кезеңін пайдалануды көздеп отырғаны туралы [хабарлады](#).



KASE Индексі жұма күні сауда-саттық жабылу сәтінде бір аптада 1,2% төмендеп, 2 408,16 нүктеге тоқтады. Мәмілелердің ең көп саны Халық Банкінің акцияларымен жасалды – 903 мәміле. Сауда-саттық көлемінің жартысы (47%) Kcell жай акцияларымен мәмілелер – 509,8 млн теңге.

### KASE Индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



24.07.2020

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 408.16	-1.2	1.4
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Цена</b>	<b>Δ 7д</b>	<b>Δ 1м</b>
Банк ВТБ	0.2	10.0	4.8
<b>НАК Казатомпром</b>	5 966.0	5.8	5.2
Аэрофлот	508.2	4.7	7.7
Казакхтелеком, прив. акции	12 500.0	2.0	1.4
<b>KAZ Minerals</b>	2 786.4	2.0	26.7
Bank of America Corporation	10 389.0	1.9	1.9
Freedom Holding Corp.	8 300.0	1.0	4.2
<b>KEGOC</b>	1 709.9	0.6	-1.4
Сбербанк	1 262.1	0.2	4.7
<b>Kcell</b>	2 515.0	0.2	-0.6
<b>Банк ЦентрКредит</b>	230.7	0.0	-2.0
<b>КазТрансОйл</b>	806.9	-2.2	0.4
<b>Казакхтелеком</b>	26 600.1	-2.9	1.9
Газпром	1 131.5	-4.6	-2.9
<b>Народный банк</b>	115.1	-10.9	-13.9

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE өкілеттік тізімі акцияларының жартысы апта қорытындысы бойынша жасыл аймақта жабылды. Өсім көшбасшысы Казатомпром жай акциялары болды, бағасы 5,8% дейін өсіп, 5 966 теңгені құрады. ГДР компания на Лондон қор биржасында компанияның ЖДҚ Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 16:00 \$14,85 саудаланады, ол бүгін Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша бір акцияға 5 712 теңгені құрайды. Компанияның қағаздарының негізгі өсім драйвері ретінде жыл басынан бері оны өндіру қысқаруына қатысты уран құны қымбаттау үстінде. Соынмен қатар, ұлттық атом компаниясы акцияларының өсімінің бір себебі эмитентті жабудың басталуы және ресейдің жетекші инвестициялық банкінің бірі компанияның ЖДҚ жылдық мақсатты бағытын жариялау болып табылады, оған сәйкес мақсатты құны, одной из причин роста акции национальной атомной компании могло стать начало покрытия эмитента и публикация годового целевого айдан кейін USDKZT жылдық жеткізілмейтін валюталық форвард бойынша бағамын ескере отырып, \$22,50 немесе 10 237 теңгені құрайды. Ең төменгі баға құлдырауы Халық Банкінің жай акциялары бойынша тіркелді, олар 10,9% арзандап, 115,05 теңгені құрады. Еліміздің ірі банкінің қағаздары дивиденд төлеу алдында арзандауы мүмкін, ол акционерлердің тізбесін ыркелеу кезеңінде акцияларға тән жағдай болып келеді.




Дүйсенбі күні Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемесін пайыздық дәлізбен 1,5 пайыздық нүктемен жылдық 9,5% пайыздан 9,0% пайызға дейін төмендетті. Қ Р ҰБ мәліметтері бойынша базалық мөлшерлемені төмендету инфляциялық тәуекелдің әлсіреуімен және ағымдағы жылдың мамыр-маусым айындағы болжамдық раунд аясындағы күтуге қарағанда, 2020 жылдың I жартыжылдығында экономикалық белсенділіктің қатты төмендеуімен негізделді.


Осы аптада мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 280 б.н. азайып, жылдық 7,7% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгемен қарыз мөлшерлемесі жылдық 419 б.н. азайып, жылдық 7,4% құрады. Осы аптада тартылған теңгенің өтімділігінің орташа көлемі 259 млрд теңгені құрады, ол өткен аптадағы көрсеткіштен 0,3% көп.

Ресей Банкінің Директорлар кеңесі 2020 жылдың 24 шілдесінде негізгі мөлшерлемені 25 б.н. төмендетіп, экономикадағы дезинфляциялық факторлардың басымдылығын жалғастыру үшін жылдық 4,25% дейін төмендетуге шешім қабылдады. Ресей Банкінің болжамы бойынша, қаржылық-несие саясатын жүргізуді ескере отырып, жылдық инфляция 2020 жылы 3,7–4,2%, 2021 жылы 3,5–4,0% құрайды.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### Основные параметры размещения нот НБРК



### Тәуекелсіз қисық кірістілігі






Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қарағанда 0,64 теңгеге әлсіреп, 414,09 теңгені құрады. Бір аптада сауда-саттықтың жиынтық көлемі \$407 млн құрады, ол өткен аптадағы көрсеткішке қарағанда 12% аз.

Мұнай баға белгілеулері мен ресей рублінің нығаюына қарамастан, апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына, ресей рубліне және еуроға қатысты сәйкесінше 0,2%, 0,3% және 0,5% әлсірей бастады. Сонымен қатар, ұлттық валюта қытай юаніне қарағанда 0,2% нығайды. Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 15:00 Brent эталондық мұнайының қыркүйек айындағы фьючерсі бір баррельге \$43,50 саудаланды, сөйтіп бір аптада 1% қымбаттады. COVID-19 қарсы вакцина пайда болатыны туралы жаңалықтар негізінде мұнай бағасы өсті. Сонымен, АҚШ үкіметіне Pfizer фармацевтикалық компаниясымен коронавирустық инфекцияға қарсы \$1,95 млрд. қаржыға 100 млн доза вакцина алуға келісім жасауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, нарықтағы қауіп COVID-19 ауруын жұқтырғандар саны артуына байланысты сақталып отыр.

Ресей рублінің құны 0,02 теңгеге өсіп, 5,80 теңгені құрады. Еуро теңгеге қарағанда 2,50 теңгеге қымбаттап, 475,50 теңгені құрады. Қытай юані теңгеге қарағанда 0,10 теңгеге арзандап, 58,98 теңгені құрады.


### Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.18)



### Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер						Шикізат нарығы					24.07.2020				
Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд %			1ж				
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж					
S&P 500	3 215.63	-0.3	5.4	7.1	-0.3	Мұнай	43.34	0.5	7.5	-31.6					
Dow Jones	26 469.89	-0.8	4.0	-2.5	-0.7		41.29	1.7	8.6	-26.3					
PTC	1 255.98	3.3	-2.0	-6.8	3.3	Табиғи газ	1.81	5.2	13.2	-19.4					
MMББ	2 285.53	0.0	0.0	0.0	3.3	Мыс	288.20	-0.2	8.7	6.9					
Hang Seng	24 705.33	-1.5	-0.3	-13.6	-1.8	Темір	870.00	0.1	7.9	-7.3					
SS CSI 300	4 505.59	-0.9	8.9	17.0	-1.1	Алтын	1 902.02	5.1	7.7	34.5					
Euro Stoxx 50	3 310.89	-1.6	3.6	-5.7	-1.7	Күміс	22.81	15.9	29.1	39.6					
FTSEuroFirst	3 673.50	-1.9	1.5	-13.0	-1.9	Астық	539.50	0.9	12.1	8.0					
FTSE 100	6 123.82	-2.6	0.0	-18.2	-2.7										
KASE	2 408.16	-1.2	1.4	5.8											

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі		Валюта	Болжам	Алдыңғы
27.07	Германия IFO іскерлік климат индексі (шілде)	EUR	89,3	86,3
29.07	Шикі мұнай қоры	USD	-2,088M	4,892M
29.07	ФРС пайыздық мқлшерлемесі бойынша шешімі	USD	0,25%	0,25%
29.07	FOMC баспасөз-конференциясы	USD		
30.07	Германия ІЖӨ (кв/кв) (2 т.)	EUR	-9,0%	-2,2%
30.07	Орталық Банктің Халақыралық резервтері (USD)	RUB		574,0B
31.07	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)	CNY	50,7	50,9

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард  
M – миллион  
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	7,0%	01.07.20	5,3 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	10.09.18	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 -тұрақты
	BBB тұрақты	28.09.18	BBB тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00



**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.